

KASE ОҚИҒАЛАРЫ

- ▲ KASE ресми тізіміне Азия даму банкінің [XS2351373134](#) (ASDBe8) халықаралық облигациялары енді.
- ▲ KASE Басқармасы "5A OIL (5A ОИЛ)" ЖШС KZX000000690 (AOILe1) халықаралық облигацияларын KASE ресми тізіміне баламалы сауда-саттық алаңның "облигациялар" санаты бойынша енгізу туралы шешім [қабылдады](#).
- ▲ KASE қорында "First Heartland Securities" АҚ [KZ1C00008077](#) (FHSE) жай акцияларымен, KZ2C00007516 (KFUSb18) және KZ2C00007573 (KFUSb24) [облигацияларымен](#) және [US46137V1420](#) (US_PHO_) Invesco Water Resources ETF акцияларымен сауда-саттық ашылды.
- ▲ KASE-де "Фазтон компаниясы" ЖШС [KZ2P00003874](#) (FATNb1) және "Қазақстан Тұрғын үй компаниясы" АҚ [KZ2C00006641](#) (BTDVb3) облигацияларымен сауда-саттық тоқтатылды".
- ▲ "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ [KZ2C00007458](#) (KFUSb12) облигациялары ОК-сыз МБҚ қоржынына енгізілген.
- ▲ "НИЕТ Кредит" МҚҰ" ЖШС KZ2P00007420 (MFNKb1) облигацияларының сауда-саттығы "таза" бағалар тәртіптемесіне [ауыстырылды](#).
- ▲ "Фридом Финанс" АҚ-на KASE Kaspi.kz ЖДҚ [US48581r1068](#) (KSPId) бойынша және Invesco Water Resources ETF [US46137V1420](#) (US_PHO_) акциялар бойынша маркет-мейкер мәртебесі берілді.


ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- ▲ Еуразиялық Даму Банкі KASE-де KZ2D00005824 (EABRb13) облигацияларын жылдық 9,55 %-бен орналастырып, 9,1 млрд теңге [тартты](#).
- ▲ Азия Даму Банкі жылдық 10,45% өтеуге кірістілігі бар XS2351373134 (ASDBe8) халықаралық облигацияларын орналастыра KASE-де отырып, 13,3 млрд теңгені жазылым арқылы [тартты](#).
- ▲ Қазақстанның қаржы министрлігі KASE-де бірінші шығарылымның MEYKAM-180 (KZKD00000105, MUM180_0001) орташа сараланған өтеуге кірістілігі жылдық 9,60 %-бен орналастырып, 29,1 млрд теңге [тартты](#).
- ▲ "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ KASE-де KZ2C00007466 (KFUSb13) облигацияларын орташа сараланған өтеуге кірістілігі жылдық 9,79 %-бен орналастырып, 10,0 млрд теңге [тартты](#).
- ▲ Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі KASE-де KZMJ00000974 (SKK024_097) облигацияларын орналастыру арқылы 1,1 млрд теңге [тартты](#).
- ▲ Қостанай облысының әкімдігі KASE-ге KZMJ00000982 (SKK024_098) облигацияларын орналастыру арқылы 1,9 млрд теңге [тартты](#).
- ▲ S&P Global Ratings "First Heartland Jusan Bank" АҚ рейтингтерін растады және оларды Банктің бастамасы бойынша кері қайтарып [алды](#).
- ▲ NOSTRUM OIL & GAS PLC компаниясы құқықты жүзеге асырудан бас тарту туралы келісімнің ұзартылғаны туралы [хабарлады](#).
- ▲ "ҚазТрансОйл" АҚ 2020 жылға kz1c00000744 (KZTO) жай акциялары бойынша дивидендтер [төледі](#).
- ▲ "Bank RBK" Банкі" АҚ 2020 жылға KZ1P00000764 (INBNp) артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер [төледі](#).
- ▲ Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі "Capital Bank Kazakhstan" АҚ банктік және өзге де операцияларды және бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүргізуге берілген лицензиядан [айырды](#).




Мемлекеттік бағалы қағаздармен (МБҚ) бір күн мерзімге РЕПО операцияларының кірістілігі (TONIA) Апта қорытындысы бойынша 49 б.н.- жылдық 8,39 %-ға дейін азайды. Бір күн мерзімге АҚШ доллары (SWAP-1D (USD)) кепілдігімен теңге қарыз алу мөлшерлемесі бір апта ішінде 8 б.н. төмендеп, жылдық 8,35 % құрады. Ақша нарығының бір күндік құралдарымен сауда-саттықтың орташа көлемі 340,9 млрд теңгені құрады, бұл өткен аптадағы орташа мәннен 6,2 %-ға төмен.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



Основные параметры размещения нот НБРК



Тәуекелсіз қисық кірістілігі





"Ертең" есеп айырысу мерзімімен АҚШ долларының теңгеге шаққандағы орташа бағамы Апта қорытындысы бойынша 0,96 теңгеге (0,22%) – 426,87 теңгеге дейін төмендеді. Сауда-саттықтың орташа көлемі \$175,4 млн құрады, бұл өткен аптадағы орташа мәннен 12,7 %-ға жоғары. Барлығы 2 458 мәміле жасалды. Бір АҚШ доллары үшін минималды баға 425,40 теңгені, максималды – 427,95 теңгені, соңғы мәміле бағасы – 425,70 теңгені құрады.

Теңге бесінші апта қатарынан мұнай бағасының көтерілуі аясында нығайды. Әлемдік экономиканың қалпына келуі аясында инвесторлардың сұранысқа қатысты оптимизмі мұнай баға белгілеулеріне қолдау көрсетті.


АҚШ Энергетика министрлігінің баяндамасына сәйкес, елдегі мұнай қоры бесінші апта қатарынан төмендеді – бұл қаңтардан бергі ең ұзақ құлдырау кезеңі. 18 маусымда аяқталған бір апта ішінде "қара алтынның" резерві 7,6 млн баррельге, 459,1 млн баррельге дейін азайды, бұл 2020 жылдың наурызынан бергі минималды көрсеткіш.

Сонымен бірге, WTI фьючерстік мұнай келісімшарттары арасындағы негізгі спрэд барреліне 1,12 долларға жетті, бұл жеті жылдағы максималды деңгейге жетті, бұл трейдерлердің АҚШ-тағы мұнай қорының нашарлауына қатысты алаңдаушылығын білдіреді. Бұрын, Bloomberg агенттігінің мәліметтері бойынша, WTI-ға мерзімдері бойынша жақын үшінші және төртінші фьючерстер арасындағы спрэд 13 жылда екі рет барреліне \$1 асты – 2008 жылы және 2013 жылдың ортасынан 2014 жылдың ортасына дейін. Осы екі кезеңнің әрқайсысында мұнай бағасы барреліне 100 доллардан жоғары болды. Бір апта ішінде WTI бағасы 3,9 %-ға – барреліне 74,05 долларға дейін көтерілді.

Сонымен қатар, Kayross аналитикалық компаниясының деректері бойынша Қытайдағы мұнай қоры ағымдағы жылдың басынан бері ең төменгі деңгейде.


Лондондағы ICE Futures биржасында Brent маркалы мұнайдың тамыз фьючерстерінің құны апта қорытындысы бойынша \$2,67 (3,63%) – барреліне \$76,18-ға дейін өсті. Мәскеу биржасындағы Ресей рубліне АҚШ долларының бағамы бір апта ішінде ₸0,6128 (0,84%) – ₸72,2047 дейін төмендеді.

Шетел валюталарының бағамы динамикасы



	Бағамы	Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2020, %
— GBPKZT	596,15	-0,02	-1,39	4,38
— USDKZT	427,01	0,06	0,12	1,50
— EURKZT	509,94	-0,00	-2,41	-1,20
— CNYKZT	66,02	-0,48	-0,86	2,37
— RUBKZT	5,91	0,34	1,72	4,60

Brent мұнай құны USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.

35
25.6.20 25.8.20 25.10.20 25.12.20 25.2.21 25.4.21 25.6.21



Халықаралық индекстер

Шикізат нарығы

25.06.2021

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс	Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж	7к			7к	1а	1ж
S&P 500	4 280,70	2,7	2,0	38,8	2,8	Мұнай (Brent)	76,18	3,6	10,6	85,6
Dow Jones	34 433,84	3,4	0,3	33,7	3,6	Мұнай (WTI)	74,05	3,4	11,8	91,2
PTC	1 672,08	1,5	5,1	33,0	1,6	Табиғи газ	3,50	8,7	17,2	135,9
ММВБ	2 285,53	0,0	0,0	0,0	1,6	Мыс	429,20	3,2	-5,3	61,2
Hang Seng	29 288,22	1,7	0,4	18,2	1,6	Темір	1 319,00	2,2	14,4	63,6
SS CSI 300	5 239,97	2,7	-1,5	26,6	3,0	Алтын	1 781,44	1,0	-6,1	1,0
Euro Stoxx 50	4 120,66	0,9	2,2	28,0	1,1	Күміс	26,09	0,5	-6,3	45,8
FTSEuroFirst	4 509,00	0,1	1,3	23,5	1,2	Астық	637,00	-3,9	-1,8	30,9
FTSE 100	7 136,07	1,7	1,6	16,1	1,9					
KASE	3 329,27	-0,6	-0,9	40,5						

Экономикалық оқиғалар күнтізбесі

Валюта

Болжам

Алдыңғы

01.07	Саихин-нен өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (маусым)	CNY	51,8	52,0
01.07	Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінімдер саны	USD	393K	411K
01.07	Өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) ISM (маусым)	USD	61,0	61,2
01.07	Англия банкінің басшысы Бэйлидің сөзі	GBP		
02.07	Жұмыссыздық деңгейі (маусым)	USD	5,7%	5,8%
02.07	ЕОБ төрағасы Лагард сөз сөйлейді	USD		

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

Мәні

Күні

2020 жыл
басына

Жылдық инфляция	7,2%	01.06.21	5,6%
ҚР ҰБ Жалпы халықаралық резервтері, млн USD	34 674	01.02.21	35 638
Қаржы базасы, млрд KZT	9 173,8	01.01.21	8 652,5
Қаржы массасы, млрд KZT	25 392,0	01.01.21	20 875,8
Қазақстанның несие рейтингі	Рейтинг	Күні	Алдыңғы

S&P Global

MOODY'S

FitchRatings

BBB-/A-3
тұрақты

06.03.21

BBB- тұрақты

Ваа3 позитивті

17.02.21

Ваа3 позитивті

BBB тұрақты

20.02.21

BBB тұрақты



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: +7 (727) 237 53 00




Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



"Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі, . KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл , дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді . KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар;
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламын жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап;
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.